

«Әкем, Анам және Мен

Мақсаты: Ата – аналар мен мамандарға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Ата – аналар мен мамандарға сұлу да сыбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысуын қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Музыка тыңдау, билеу арқылы ішкі жан дүниесін сыртқа шығару. Ата - ана мен мамандар арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін одан ары нығайту. Салауаттану - адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. **Көрнекіліктер:** Музыкалық аппаратура, кедергілер, жалаушалар, финбол доптары, доптар, секіртпелер, шығыршықтар, шариктер, шарлар.

Барысы: Жүргізуші:

Әр таңды бақытпенен атырамыз

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға

Үлгілі де өнегелі, жылдам да шапшаң қатысушыларды шақырамыз.

1. «Қыран» тобы (Айгөлек тобы ата-аналары)
2. «Убойная сила» тобы (Жұлдыз тобы ата-аналары)
3. «Сұңқар» тобы (Радуга тобы ата-аналары)

Құрметті ата - аналар және мамандар қауымы! Бүгінгі «Денсаулық - әлеуметтік байлықтың негізі» дегендей бүгінгі «Көңілді эстафета» ата-аналар сайысына қош келдіңіздер!

«Көңілді эстафета» сайысына қатысушылар сүйікті де белсенді ата – аналарымыз өткізілгелі отыр. Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп беруі тиіс. Жүргізуші: Сайысты бастамас бұрын, біздің жетістіктерімізді бағалайтын әділқазылар алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер!

1. Самал Мақсотқызы
2. Күміс Ескалиевна
3. Сандуғаш Арманқызы

Спорттық сайысымыз 5 балдық жүйемен бағаланады. Қатысушылардың биге деген ептілігі, жылдамдығы қадағаланады. Жүргізуші: Спорт – денсаулық кепілі десек, «Әкем, анам және мен» ата-аналар арасындағы сайыс салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Жүргізуші : Ойнайық та, ойлайық!

Артта қалып қоймайық,

Белсенді болып ортада,

Уақытты текке жоймайық!

Бүгінгі спорттық сайыс 7 кезеңнен тұрады.

Жалпы шынықтыру жаттығулары

1. «Таныстыру.»
2. «Доппен секіру»
3. «Кенгуру»
4. «Асық ату»
5. «Арқан тартыс»
6. «Суретті толықтыру»
7. «Өз өнерін көрсету»

Жүргізуші: Сайысқа арнайы 3 топ қатысады. Жарыс заңы ежелден Жеңімпазды анықтау Жеңімпаз болу шарты сол Еңбектену, жалықпау .

I-кезеңіміз: «Таныстыру» Ал, енді «Таныстыру» кезеңін бастайық! (топтың атауы, эмблемасы, ұраны) Әр отбасы топтары өздерін таныстырып өтеді. 1. «Жұлдыздар» тобының ұраны Біз шымыр сергек денеміз, өнер сүйер өренбіз. 2. «Айгөлек» тобының ұраны Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін!

3. «Радуга» тобының ұраны Көкте жұлдыз жерде біз, Әрқашанда жеңеміз!

II – кезең: «Доппен секіру» деп аталады.

Шарты: Музыка ойналады, ата-ана баласы кезекпен кезек секіртпе допқа отырып межеге дейін барып, қайтарда секіріп қайту. Допты келесі қатысушыға беру

III- кезең: «Кенгуру» .

Шарты: Музыка ойналып тұрады, Әкесі баласын арқасына салып, межеге дейін жүгіріп барып қайтып арқалап келу. Анасыда солай апарып алып келеді.

IV- кезең: «Асық ату »

Шарты: Музыка ойналып тұрады белгілі бір сызыққы асық тігіледі.Әр топ кезекпен асық атады.Қай топ көп атса сол топ жеңіске жетеді.

VI- кезең: «Асық ату»

Шарты: музыка ойналып тұрады. Ортаға асық тігіледі. Ата-ана баласымен кезек-кезек асықты ату керек.Қай топ көп асық құлатса сол топ жеңімпаз

V - кезең: «Арқан тартыс»

Шарты: Команда командамен арқан тартысады

VI кезең Суретті толықтыр

Белгілі бір сурет беріледі.Команда сол суретті аяқтаулары қажет.

Жүргізуші: Біреу озса сайыста, Біреу артта қалады. Бұл сайыстан ренжімей Тараса бізге жарады - демекші сайысымыздың кезеңдері бойынша әділқазы алқалары қорытынды шығарғанша Музыка жетекшісі Аманғазы Тұрысжановтың орындауында бір ән.

Жүргізуші:

Жеңімпазды анықтап, марапаттау сөз әділқазыларға беріледі. (Әділқазылар алқасы марапаттау рәсімін өткізеді)

Бүгін алтын уақыттарын қиып, «Әкем,анам және мен» атты сайысқа қатысқандарыңыз үшін алғысымды білдіреміз! Жақсылықта, амандықта жүздескенше!!!

«Айлин-3» жеке бөбекжайы

**«Әкем, Анам және Мен»
(Ата-аналармен спорттық сайыс)**

2024-2025ж



